

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.293-296

## **КӨШІМ ЖЫЛҚЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ОРТАША ДЕНЕ ӨЛШЕМДЕРІ МЕН ТІРІ САЛМАҒЫНЫҢ 6-8 АЙЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

*Есиркепов А.Е., магистрант  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Орал қаласы*

Көшім жылқыларының төлдерінің орташа дене өлшемдері мен тірі салмағының көрсеткіштері. Көшім тұқымы жылқыларының өнімділігін зерттеуден бұрын олардың құлындарының өсу және даму заңдылықтарын жете түсіну өзекті мәселе болып табылады. Әр түрлі малдардың тұқымдық ерекшеліктері барлық өнімділік қасиеттері оның өсіп-даму жолында нәсілдік қасиеті мен сыртқы ортаның өзара қатынасы негізінде қалыптасады [1].

Негізінде, мал тұқымының фенотипі бойынша сұрыптау екі топ белгілерге баға беруге арналған. Біріншіден, дене бітімі мен сыртқы дене пішіні, екінші, негізгі өнімділік қасиеттері. Сұрыптаудың бұл әдісі мал тұқымын асылдандыру жұмысында ертеден қалыптасқан, бүгінге дейін жойылмаған түрі. Бұның себебі, біріншіден барлық түлік малдың дене бітімі мен сырт дене пішіні оның өнімділік бағытымен, өнімділігімен, әсіресе денсаулығының мықтылығымен тығыз байланысты. Осыған орай малды дене бітімі мен сыртқы пішінін көрсеткіштері бойынша сұрыптау арқылы, оның өнімділік қасиеттерін жақсартуға болады. Екіншіден, негізгі өнімдері тек аналықтарының өнімділік бағытына сәйкестілігін олардың тек дене бітіміне және сырт дене пішініне тірілей салмақтарына қарап анықтауға. Бірінші айлығында тұқымына байланысты құлындардың тірілей салмағы күніне 1-2 кг-ға артады, 6 айлық жасында үлкен жылқының 45 % салмағына тенеседі, 1 жылдық жасында 62-65 %; 2 жылдық жасында 85-90% [2,3].

Құлындардың өсіп-жетілуін ағза құрылымының әр түрлі деңгейінде зерттеуге болады. Соған сәйкес зерттеу әдістері де әртүрлі. Асылдандыру тәжірибесінде малдың өсіп-жетілуін туылғаннан кейін оның салмағын, бойын және көлемін өлшеу арқылы анықтауға болады [4].

Жергілікті жылқылардың құлындары тәжірибе тобындағы көшім тұқымы құлындарымен салыстырғанда туылғаннан 3 күн өткен соң шоқтығының биіктігі 5,63 см-ге, тұрқының қиғаш ұзындығы 2,45 см-ге, кеуде орамы 1,35 см-ге, жіліншік орамы 0,6 см-ге, тірілей салмағы 3,7 кг-ға кем болды. Бақылау тобындағы жергілікті жылқылардың 12 айлық жасына дейін өсу қарқыны біршама тез, ал 12 айлық жасында өсу қарқыны баяулады. Тәжірибе

тобында 6 айлық жасына дейін өсу қарқыны біршама тездеп, 6 айлық жасынан 12 айлық жасына дейін өсу қарқыны баяулады [5].

Тәжірибе және бақылау тобындағы көшім тұқымы жылқыларын бағалау инструкциясында I класқа берілген өлшемдерінде бақылау тобындағы сақа айғырлардың тірілей салмағы 400 кг, биелерінікі 355 кг, ал тәжірибе тобындағы айғырларда 500 кг, биелерде 460 кг болып, жеке-жеке 100 кг, 105 кг айырмашылық бар екені анықталды. Бұл құбылыс мал өсіру әдістерінің ішіндегі таза тұқымды мал өсіруден әсер еткен, аталық іздің өнімділік және тұқымдылық қасиеттері деп білеміз. Бұл туралы басқа да авторлар зерттеуінде құлындардың өсіп-жетілуін оның туылғандағы тірілей салмағымен байланыстырса, ал басқалары малдың жеген шөбі мен жем-шөп шығынын өтеу қасиетінде дейді [6].

Зерттеуге алынған құлындардың туылғанынан 3 күн өткен соң, тірілей салмақтары және өсіп дамуы барысында тәжірибе көрсеткіші ретінде туылғаннан кейін 1 ай кезіндегі салмақтары өлшенді. Зерттеуге алынған құлындардың өсіп дамуы 6 айлық жасынан бастап Крепыш, Гром, Самоцвет аталық іздері бойынша 3 топқа бөлініді, әр топқа 10 бас құлыннан алынды бақылауға алынғын құлындардың 5 -і еркек 5-і ұрғашы.

Көшім тұқымының жас төлдерінің 6 және 8 айындағы тірі массаның негізгі өлшемдері, экстерьері, бойынша дене өлшемдері төмендегі кестелерде көрсетілген .

Кесте –1- Дене өлшемдері

Дене өлшемдері	Еркектері		Ұрғашылары	
	Жасы, ай			
	6	8	6	8
Шоқтығының биіктігі	134,8± 2,13	137,8±1,65	133± 1,12	137± 1,34
Дене тұрқының қиғаш ұзындығы	134,4± 1,91	136,8±1,55	133,4± 1,32	135,4± 1,24
Кеуде орамы	153,3 ± 1,48	156,4±1,49	151,6± 1,13	155,8± 1,71
Жіліншік орамы	15 ± 0,26	15,3± 1,35	15± 0,11	15,2± 1,55

Кесте –2 - Құлындардың тірілей салмағының өсіу көрсеткіштері

	Еркек	Ұрғашы
--	-------	--------

№	Жасы	N	$x \pm Sx$	$C_v, \%$	N	$x \pm Sx$	$C_v, \%$
1	3 күн	5	35,0±0,31	3,89	5	32,0±0,32	7,5
2	1 ай	5	70,7±0,71	3,08	5	65,4±7,38	7,65
3	6 ай	5	259.7±7.3	8.87	5	242±6,91	9,51
4	8 ай	5	279,4±7.4	8.91	5	268,6±7,1	9,65

Жоғары кестеде көрсетілген көрсеткіштер жалпы ұрғашы және еркек құлындардың 6 -8 айлығындағы орташа дене өлшемдері және тірі салмақтары. Кестені талдай келе, 6 айлық ерекек құлындардың шоқтығының биіктігі көріп тұрғанымыздай, 6 айлығында ерке құлындардың шоқтығының биіктігі 134,8 құрайды, ол дегеніміз ұрғашы құлындардан 2,38 асып түседі. Денесінің қиғаш ұзындығын алатын болсақ ұрғашы құлындардікі еркек құлындардан 3,6 см-ге асады, ал кеуде орамының өлшемі бойынша сәйкесінше бірдей болады. Еркек құлындардың тірілей салмағы ұрғашы құлындардан 11,7 кг-ға жоғары болады.

Көшім тұқымы төлдерінің Крепыш, Гром, Самоцвет аталық іздері бойынша салыстырмалы салмақ көрсеткіштері және дене өлшемдері төмендегі кестелерден көре аламыз.

Кесте –3. Көшім тұқымы төлдерінің аталық ізі бойынша салыстырмалы салмақ көрсеткіштері

Жасы, ай	Топтар		
	I	II	III
	Крепыш 33-64	Гром 98-58	Самоцвет 77-73
6 ай	250.3±7.3	254,3±2,40	252,5±4,71
8 ай	279,4,1±3,15	282,2±4,50	276,5±3,22

Кесте – 4 - Көшім тұқымы төлдерінің аталық ізі бойынша еркек құлындардың дене өлшемдері

Топ атауы	Жасы, ай	Шоқтығының биіктігі	Дене тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
Крепыш 33-64	6	134,8	134,4	152,8	15
	8	137,8	136,8	156,2	15,3
Гром 98-58	6	135,4	134	152,6	15
	8	137,6	137,4	155,8	15,2
Самоцвет 77-73	6	134,2	132,0	150,6	15

	8	137,4	136,6	153,4	15,2
--	---	-------	-------	-------	------

4 кестенің деректерінен зауыттық із бойынша құлындардың 6 айлығында шоқтығының орташа биіктігі (152,1-152,7 см), тұрқының қиғаш ұзындығы (134,8-135,6 см), кеудеорамы (152,8- 152,3 см), жіліншік орамы (15,2 см), тірілей салмағы (250,3±7,3) екенін байқауға болады

Түрлі зауыттық іздердің айғырлары мен биелері құнды өнімдік қасиеттермен қатар өздерінің тән дене бітімінің типтеріне ие.

Осылайша, тұқымда бірнеше зауыттық және құрылатын зауыттық іздердің болуы, тұқымдарды бірнеше сапалы әр түрлі топтарға бөледі, олардың әрқайсысының популяцияны сақтау мен көбейтуде өзіндік ерекшеліктері бар.

Қортындылай келе, жас төлдің өсіп-жетілуіне оның тұқымқуалаушылық қасиетінен басқа өсірілетін экологиялық ортаның да әсері көп, әсіресе бұл табынды жылқы шаруашы-лығында ерекше байқалады. Жергілікті жылқы төлдерінің биологиялық ерекшеліктерінде ауа-райының қолайсыз уақытында өсу құбылысы баяулап, ауа-райының жағымды кезінде өсу қарқыны тездететіні байқалған. Жылқылардың сырт дене пішінінің өлшемдері құлынының өсуін толық сипаттай алмайды, өйткені басқа өлшемдермен байланысты болмайды. Сондықтан құлындардың аталық ізі бойынша өсірудіде кейбір кемшіліктерін толықтырып отыруға жұмыстанған жөн.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Ковешников, В.С. Пути повышения эффективности продуктивного коневодства в условиях рынка / В.С. Ковешников, В.В. Калашников, Р.В. Калашников //

2. Кикебаев, Н.А. Коневодство Казахстана в новых экономических условиях / Н.А. Кикебаев // Тезисы Межд. Конф. по коневодству. – Уральск.- 1993.- С.

3. Сизонов, Г.В.- Мясная продуктивность наиболее распространенных генотипов табунных лошадей Казахстана / Г.В. Сизонов // Автореф. дисс...д.с.-х.н.- Алматы. - 2010.

4. Дуйсембаев, К.И. Оценка дойных кобыл по оплате корма молоком / К.И. Дуйсембаев, Б.Р. Акимбеков // Перспективы совершенствования конских пород на основе достижений научно – технического прогресса: Материалы научной конференции. – ВНИИК. - 1986.

5. Рзабаев, С. Рекомендации по использованию препотентных жеребцов-производителей / С.Рзабаев, А.Р. Акимбеков, А.Ә. Тореханов, В.В. Сгепачев, Д.М. Нурмаханбетов, Т.С. Рзабаев, К.С. Рзабаев // Брошюра. - Алматы. - 2011.

6. Барминцев, Ю.Н. Продуктивное коневодство / Ю.Н. Барминцев, В.С. Кошевников, И.Н. Нечаев и др. // Москва.- 1980.

